

Павлодар облысы Ертіс ауданының кейбір елді мекендерінің атауларын қайта өзгерту туралы.

Павлодар облыстық мәслихаты мен әкімшіятының (III сайланған XX сессия) 2006 жылғы 21 шілдедегі N 80/20 шешімі мен қаулысы. Павлодар облысының әділет департаментінде 2006 жылғы 7 тамызда N 3070 тіркелді.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңы 11-бабының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы "Қазақстан Республикасындағы кәсіпорындарды, ұйымдарды, мекемелерді, темір жол станцияларын, әуежайларды, сондай-ақ физикалық-географиялық объектілерді атау мен қайта атаудың және олардың атауларының транскрипциясын өзгертудің тәртібін бекіту туралы" N 281 қаулысына, Ертіс ауданы мәслихаты мен әкімдігінің 2004 жылғы 18 тамыздағы "Ертіс ауданының кейбір елді мекендерінің атауларын қайта өзгерту туралы" N 38-8-3/17 бірлескен шешіміне, облыстық ономастика комиссиясының 2006 жылғы 19 сәуірдегі қорытындысына сәйкес және бұл елді мекендері тұрғындарының пікірлерін ескере отырып, облыстық мәслихат пен облыс әкімдігі **ШЕШІМ** қабылдады:

Ертіс ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

Майқоңыр ауылдық округіндегі Кутузово ауылы Майқоңыр ауылына;

Луговой ауылдық округіндегі N 2 бөлімше Ақбетей ауылына;

Ұзынсу ауылдық округіндегі Суворов ауылы Ұзынсу ауылына;

Ұзынсу ауылдық округіндегі Никаноровка ауылы Ақтайлақ ауылына;

Ағашорын ауылдық округіндегі Артемовка ауылы Бескепе ауылына;

Иса Байзақов ауылдық округіндегі Кайманачиха ауылы Иса Байзақов ауылына

ө з г е р т і л с і н .

Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың азаматтардың құқығы мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету және ақпараттық саясат мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

Сессия төрағасы Р. Фафуров

Облыс әкімі Қ. Нұрпейісов